

УДК 801

Н. М. Примашев,  
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік  
басқару академиясы «Мемлекеттік басқару  
және мемлекеттік қызмет» кафедрасының  
доценті, з.ғ.к.

## ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ РЕГЛАМЕНТІ: ҚҰҚЫҚТЫҚ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КОНТЕНТ-ТАЛДАУ

### Аңдатпа

Мақалада жергілікті мемлекеттік органдардың – мәслихаттардың қызметін құқықтық реттеуші нормативтік құқықтық акт – регламенттердің құқықтық және тілдік сапасы қарастырылған. Оларға жүргізілген құқықтық-лингвистикалық талдау жергілікті мемлекеттік органдардың өздерінің қызметін реттеуші нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде жергілікті ерекшеліктерді ескермей, басым түрде үлгі нормативтік құқықтық актілер нормаларын тікелей көшірумен шектелетінін көрсетеді.

**Тірек сөздер:** мәслихаттар, регламенттер, құқықтық-лингвистикалық талдау, құқықтық қателер, тілдік қателер.

### Аннотация

В статье рассматривается юридическое и языковое качество регламентов – нормативных правовых актов, регламентирующих деятельность местных государственных органов – маслихатов. Проведенный юридико-лингвистический анализ показывает, что местные государственные органы при разработке нормативных правовых актов, регламентирующих их деятельность, в большинстве случаев ограничиваются копированием норм типовых нормативных правовых актов без учета местной специфики.

**Ключевые слова:** маслихаты, регламенты, юридико-лингвистический анализ, правовые ошибки, языковые ошибки.

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің сапасы мәселесі күннен күнге өзекті болып келеді. Ұлттық заңнамада түрлі себептермен кезінде жіберілген қателердің салдары енді байқалып келеді. Іс жүзінде қате кемшіліктер кез келген құқықтық жүйеде кездеседі. Ол – объективтік жайт. Бірақ қазақстандық құқықтық жүйеде, өкінішке орай, құқықтық және тілдік қате-кемшіліктердің көптігі оған баса назар аударуды қажет етеді. Сондықтан мақаланың мақсаты құқықтық норма шығару саласындағы уәкілетті субъектілер алдына қателер мәселесін қою болып табылады.

Жалпы құқық теориясында «құқықтық қате» деген ұғым бар. Оның теориясы ғылыми және оқу әдебиетінде белгілі дәрежеде пысықталған, арнаулы еңбектер де баршылық. Тіпті олардың ғылыми жіктемесі де бар. Ғылыми көзқарас бойынша оның құрамына нормашығармашылық және құқық қолдану процестерінде жіберілетін құқықтық және тілдік қателер кіреді (құқық теориясының қателері өз алдына). Жоғары дамыған мемлекеттерде ресми мойындалатын құқықтық қателердің және оларды жоюға бағытталған арнайы саясаттың болуы да табиғи заңдылық (олар үшін қарастырылған жауапкершілік институты өз алдына). Яғни құқықтық қателердің болуы мен оларды жою тетіктерін қалыптастыру мемлекеттік аппараттың, оның қызметін құқықтық реттеудің бір белгісі сияқты.

Қазақстан Республикасында осы мәселенің жағдайы қалай? Жоғарыда көрсетілген екі салада жіберіліп жатқан қателер көп екені белгілі. Қаншама маман айналысып жатса да, қателер саны күн сайын көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Жаңадан қабылданып жатқан нормативтік құқықтық актілерде де жіберілген кемшіліктер жеткілікті. Бірақ ол үшін жауап беріп жатқан бірде-бір құрылым не бірде-бір мемлекеттік қызметші туралы ақпарат жоқ.

Өмірдің өзгеруіне орай, құқықтың да өзгеріп отыратыны белгілі аксиома. Мәселе субъективтік сипаттағы қателерде. Олардың дені – әзірлеушілер мен қабылдаушылардың әлеуетінде. Жоғарыда аталған процестерді дұрыс ұйымдастыра алмаудан да кетіп жатқан қателер аз емес.

Сапасыз жұмыс қайта жасауды қажет етеді. Сондықтан ұлттық заңнамада жіберіліп жатқан қателер қыруар уақыт, әлеует, қаржы, адами ресурстарын ысырапты жұмсауға әкелуде. Осындай жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мәселесін көтеру орынсыз болып табылады.

Ұлттық заңнамадағы түрлі сипаттағы қателерді жою үшін, алдымен оларды анықтап алу қажет. Ол – үлкен жұмыс. Бұл істе бір кездері ресми қолға алынып, қазір белсенділігін

жоғалтқан құқықтық мониторингтің де алатын орны өте үлкен. Құзыретті субъектілермен қатар, қателерді талдауға құқықтық және филологиялық ғылыми әлеуеттің де қосатын үлесі зор. Сондықтан осы мақаланың объектісі ретінде жергілікті мемлекеттік органдардың – мәслихаттардың қызметін құқықтық реттеуші негізгі нормативтік құқықтық акт – регламенттердің сапасына арналуының объективтік себептері басым.

Регламенттерге құқықтық-лингвистикалық контент-талдау жүргізу қиялдан туатын жұмыс не еріккеннің ермегі емес. Барлығының қолынан келеді деуге де болмайды. Сондықтан ол тәжірибе мен теорияның бірігіп жұмыс істеуін талап етеді. Ғылыми маңызды осындай жұмыстың күн тәртібінен орын алуының өзінде объективтік заңдылық бар.

Мәслихат қызметін реттейтін нормативтік құқықтық акт регламенттерді талдау олардың біраз кемшіліктерін көрсетті. Мұндай жағдай тіпті парадокстік деуге тұрарлық, өйткені мәслихаттардың құқықтық мәртебесі әртүрлі болғанымен, олардың регламенттеріндегі қателері бірдей. Сондықтан осы мәселе және оған қатысты басқа да жағдаяттар мақалада зерделенеді.

Кезінде жіберілген, қазір де жіберіліп жатқан қателердің көптігі соншама, шет елдердің не Қазақстан Республикасының үлгі нормативтік құқықтық актілерінен жаппай жай көшіру тәжірибесі ұлттық заңнамада «үлгі қателердің» де қалыптасуына алып келді. Әрине, бұл – өкіндірерлік жайт.

Ұлттық заңнамада, бірінші кезекте, тілдік қателерді арнайы іздеп жатудың қажеті жоқ. Көзі ашық, ғылыми этикалы зерттеушіні олардың өздері табады. Өкінішке орай, қателер ұлттық заңнамадағы кез келген нормативтік құқықтық актіде кездеседі (бұл жерде қате олардың тек қазақ тіліндегі мәтінінде жіберіліп жатыр деуден аулақ болу қажет). Жаппай қателік және «көшпенді қателі» құқықтық саясат жағдайында, олардың осыншама уақыт тәжірибе мен теориялық назардан тыс қалуы да түсінбестік тірлік.

Мақалаға негіз болған регламенттер де қателерден кем емес. Негізгі ретінде алынған регламент – Кентау қалалық мәслихатының регламенті. Ондағы ерекшеліктерді салыстырмалы түрде баса көрсету үшін басқа қала, аудан, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихаттарының да регламенттері қаралды.

Қолданыстағы заңнамаға орай, мәслихат – жергілікті халық сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган. Міне осы анықтаманың өзінде қате бар сияқты. Ұлттық заңнама нормаларында, өкінішке орай, мәслихаттардың мемлекеттік орган екендігі көрсетілмейді<sup>1</sup>.

Мақаланың негізгі объектісі – «Кентау қалалық мәслихатының регламенті» қалалық мәслихаттың 2014 жылғы 25 ақпандағы № 150 шешімімен бекітілген<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Жергілікті мемлекеттік органдар қызметін құқықтық реттеуші нормаларда олардың мемлекеттік орган екендігі туралы ескерту жоқ. Мысалы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (бұл заңнамалық актінің атауы сәтсіз айқындалғанын көрсете кеткен орынды. Атау қазақша емес. Ол, бірінші кезекте, атау мен қызмет көрсету рәсімінен-ақ байқалады) Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы 1-бабының 4) тармақшасы бойынша көрсетілетін қызметті берушілерге «орталық мемлекеттік органдар (мәтін бойы ерекше көрсеткен мен. – Н.П.), Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар» жатады. Оған қоса, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына сәйкес қызметінің тиімділігі бойынша жыл сайынғы бағалануға «орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары» деген норма бойынша да «мемлекеттік» деген мәртебеге орталық органдар ғана ие деп тұжырымдауға болады (бұл нормада тағы да бір мәселе бар. Егер «орталық мемлекеттік органдар» деген ұғымды тура мағынасында түсінетін болсақ, қызметі бағаланатын органдар қатарына Қазақстан Республикасының Парламентін, Үкіметін, Жоғарғы Сотын, Бас прокуратурасын, Конституциялық Кеңесін және т.с.с. органдарын жатқызуға болатын еді).

Сонымен қатар, неге екені белгісіз, мәслихаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында да назардан тыс қалған.

<sup>2</sup> Ұлттық заңнамаға жетіспейтін бірізділік регламенттерге де тән. Мысалы, оларды бекіту туралы шешімдерді ресімдеуде түрлі нұсқалы ұғымдар қолданылады екен. Қаралған регламенттерде «Кентау қалалық мәслихаты шешім қабылдады», «Алматы қаласының мәслихаты шешім етті», «Астана қаласының мәслихаты шешті», «Курчатов қалалық мәслихаты шешті», «Успен аудандық мәслихаты шешім етеді» деген нұсқалар кездеседі (бұл сөйлемдердің құрылымдарында да ерекшеліктер бар).

Дәл осындай жағдай регламенттердің күшіне енуі туралы ережелерге де тән. Бұған «шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң (Астана қаласының мәслихаты), «шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң» (Алматы қаласының мәслихаты), «шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң» (Курчатов қаласының мәслихаты), «шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң» (Успен

Регламенттің 1-тармағындағы «осы үлгі регламенті» деген сөздер Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығымен бекітілген «Мәслихаттың үлгі регламентінен» (бұдан әрі – Үлгі регламент) өзгертілместен алынған. Қаланың «үлгі регламенті» – құқыққа да, қисынға да жанаспайтын ұғым.

Дәл осындай мысалды Алматы қаласы мәслихатының регламентінен келтіруге болады. Ондағы «Мәслихат (жергілікті өкілді орган) – **облыс, республикалық маңызы бар қала және астана немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)** халқы сайлайтын ...» деген тіркестегі ерекше көрсетілген сөздердің үлгілі нұсқасы Үлгі регламенттің 2-тармақшасында және нақтырақ көрсетсек, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 1-бабы 11) тармақшасында бекітілген. Қазақстан Республикасының аталған әкімшілік-аумақтық бірліктерінің Алматы қаласына қатыстылығы күмәнді. Бұл кемшіліктің субъективтік себептері басым, яғни регламентті әзірлеушілердің Алматы қалалық мәслихатының құқықтық мәртебесін нақтылауға әлеуеттері жетпеген сияқты.

Республикалық маңызы бар қаланың осындай мысалы қасында «Успен ауданы мәслихатының (жергілікті өкілді орган) – ауданның халқы сайлайтын ... сайланбалы орган» деген үйлеспейтін сөйлем-анықтаманы көрсетпеуге де болатын еді. Бірақ, бұл қатенің де аты – қате.

Қатенің көзі үлгілі нормативтік құқықтық актіде болғандықтан, қаралған барлық регламенттердегі «халық алдында мәслихаттың атқарған жұмысы және оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы есептерді тыңдау» деген сөздер түсініксіз. Мәселе – аудармада.

Регламенттің 4-тармағының екінші абзацы мен 6-тармағының екінші абзацы арасында қайшылық бар сияқты. Бірінші норма бойынша депутаттардың **жалпы санының кемінде үштен екісі** қатысса, сессия заңды болып, ал депутаттардың **жалпы санының көпшілік** даусын жинаған кандидат мәслихат сессиясының төрағасы болып сайланды деп есептеледі. Осы мәселені 54-тармақтағы «**қатысушы депутаттардың жалпы саны**» деген көрсеткіш те шиеленістіре түседі.

Регламенттің 7-тармағындағы «жылына төрт реттен **жиі** шақырылмайды» деген қате норманың бастауы да жоғарыда көрсетілген Үлгі регламентте. Қалалық мәслихат регламентін әзірлеушілер осы регламенттің 35-тармағын немесе Үлгі регламенттің 33-тармағын тыңғылықты түрде ескергенде, мұндай қате орын алмас еді.

Регламенттің 10-тармағындағы «қалалық депутат», «жол жүру уақыты» (облыстық деңгейдегі әрі аумағына қосымша 4 ауыл ғана кіретін қала мәслихатының жұмысы үшін «жол жүру» мен оған кететін «уақыт» – маңызды емес шығар) сияқты тіркестер де мәселелі. Келесі тармақтағы «мәслихат жұмысының перспективалы жоспары» деген ұғым да үйлеспейді (мәселе тағы да Үлгі регламентте).

13-тармақтағы түсініксіз «қалалық мәслихатының сессияларына» сияқты қате ұғым «бойынша мәслихатының сессияларына» деген нұсқада Алматы қаласы мәслихатының регламентінде қайталанады.

19-тармақтағы «сессия төрағасы» мен «сессияның төрағасы» деген ұғымдарды біріздендіруге болатын сияқты. Осындағы және 50-тармақтағы «басқа тұрақты комиссиялардың депутаттары» деген ұғым да қателі, өйткені комиссияның «мүшесі» ғана болуы мүмкін.

27-тармақтағы «Проекты планов, программ социально-экономического развития территории» деген сөздер Үлгі регламентте қате аударылған сияқты. Осы тіркес қаралған регламенттерде «Жоспарлардың, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламаларының», «Жоспарлардың, **аумақтарды** әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламаларының» (Алматы қаласы, Успен ауданы), «Жоспарлардың, қаланы әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламаларының» (Астана қаласы), «Жоспарлардың, Курчатov қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламаларының» деген нұсқаларда берілген. Бұл баламада, жай қисындық тұрғыдан, «бұл не жоспар» деген сұрақ қоюға болатын сияқты. Оған қоса, осы тіркестердің 31-тармақтағы «қаланы дамыту жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының» деген тіркестен айырмашылығы үлкен бе? Екеуін салыстырған орынды болар еді.

28-тармақтағы «Қалалық бюджет, облыстық бюджетті бекіту туралы облыстық мәслихаттың шешіміне қол қойылғаннан кейін **екі апта мерзімнен** кешіктірмей тиісті қалалық мәслихат

*ауданының мәслихаты) сияқты нормаларды мысал ретінде келтіруге болады.*

бекітеді» деген норма Үлгі регламенттен тікелей алынған. Осындағы «екі апта мерзімнен» деген ұғымда да қате жіберілген сияқты.

33-тармақтағы «өзін өзі (Регламентте осылай. – Н.П.) басқарудың өзге де органдарымен» деген сөздер «с иными органами местного самоуправления» дегеннің дұрыс аудармасы емес сияқты.

Кентау – облыстық маңыздағы қала болып есептеледі, сондықтан оның құқықтық мәртебесі мен қызметіне Регламенттің 35-тармағындағы «аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ» сияқты әкімшілік-аумақтық бірліктердің қатысы жоқ шығар.

Осы сынды кемшілікті тіркестер мен сөйлемдер өзге регламенттерде де кездеседі. «Курчатов қала әкімі ұсынған аумақтарды дамыту» деген тіркес үйлеспейді. Осындағы «жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын» деген тіркестегі «жергілікті» сөзін «қалалық» деп нақтылауға болатын еді.

36-тармақтағы нормадан депутаттық құқықтан гөрі міндеттілік сипаттың басым екені байқалады.

45-тармақтағы **«Егерде, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Кодесіне сәйкес еңбек міндеттерін бұзуы және дәйекті негіздері болған жағдайда»** деген жартылай норма-сөйлемнің қайдан алынғаны беймәлім. Мәселе – Регламенттің орыс тіліндегі мәтінінде. Ондағы **«В случае, если имеется основания или нарушения трудовых обязанности Кодекса Республики Казахстан «Трудового кодекса Республики Казахстан»** деген басқа нормаларға еш қатысы жоқ сөздерді әзірлеушілер мен мәслихат депутаттары ескермеген. Орыс тіліндегі нормада құқықтық та, тілдік те қателер жіберілген.

47-тармақ бойынша «мәслихат тұрақты комиссиялардың төрағалары мен мүшелерін депутаттар арасынан ашық дауыс беру арқылы сайлайды». Кез келген мәслихаттың сайтынан тұрақты комиссияларда хатшылардың да болатынын көруге болады. Бірақ, Регламентте олар көрсетілмеген және оларды сайлау туралы норма да жоқ. Мүмкін олардың қажет жоқ шығар?

Осы тармақтың келесі абзацындағы «Әрбір тұрақты комиссияның тізбесі» деген қатенің де көзі Үлгі регламентте.

Регламентті әзірлеушілердің «Тұрақты комиссиялардың саны жетіден аспауға тиіс» деген норманы не үшін қосқаны және қалалық мәслихаттың депутаттары оны кім үшін бекіткені түсініксіз. Мұндай шектеуді мәслихат өзіне-өзі қоя ала ма? Бұл қате мысалдың де кемшілігі – Үлгі регламент нормасын тікелей көшіруде.

Келесі абзацтағы «Қалалық мәслихаттардың» (Кентау қаласында бірнеше мәслихат бар ма?) деген ұғым да осындай мәртебеде. Алматы, Астана, Курчатов қалалары мәслихаттарының регламенттерінде «Мәслихаттардағы депутаттық бірлестіктер» деген қателі тақырып бар. Үлгі регламентті басшылыққа алу міндетті, бірақ қалалық мәслихат регламентін әзірлеушілер мен депутаттар қалада бір ғана мәслихаттың болатынынан хабардар шығар.

63-тармақтағы «Қалалық мәслихат атынан өкілдік етуге арнайы өкілеттігі жоқ Қалалық мәслихат депутаты» деген тіркесті нақтылауға болатын еді.

65-тармақтағы «ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз» деген тіркестің екінші сөзі «ұйымдастырушылық-құқықтық» деген дұрыс нұсқаны қажет етіп тұр.

Регламенттің құрылымында да кемшілік жіберілген сияқты. Мұнда бірдей санды бөлімдер мен тараулар кездеседі. Оларды ресімдеуде де қате орын алған.

Жоғарыда көрсетілген қателермен қатар Регламентте бірқатар орфографиялық қателер де жіберілген. Мысал ретінде «өзін өзі», «қалаық», «Қала әкімнің», «2014 жыл 25 ақпандағы», «минуттен» (4 рет), «минутке» (3 рет) және т.б. келтіруге болады. Оларға қоса, «Қалалық мәслихатының сессия төрағасы» мен «Қалалық мәслихатының хатшысы» деген лауазым атаулары да үйлеспейді.

Осындай мысалдарды қарастырғанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялаушылардың бірі – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» ШЖҚ РМК-нің «Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған» деген ескертпесінің нормативтік құқықтық актінің сапасы мен мағынасына еш қатысы жоқ деуге болады. Тіпті мұндай жағдайда ресми жариялаудың өзі күдікті болып қалады. Құзіретті мекеменің ресми түрде тек қатесіз

нормативтік құқықтық актілерді жариялағаны орынды, өйткені қателер үшін жариялаушының да жауапкершілікте болуы қисынды. Ескертпемен қателерді жабуға болмайды.

Сонымен, қаралған регламенттер жергілікті мемлекеттік орган – мәслихаттардың Үлгі регламентті басшылыққа алғанда өз ерекшеліктерін ескермегендігін көрсетеді. Кез келген үлгілік нормативтік құқықтық акті негізінде әзірленетін жергілікті нормативтік құқықтық актінің сапасы оның әзірлеушілері мен қабылдаушылары әлеуетінің көрсеткіші деуге болады, сондықтан оларда міндетті түрде жергілікті әкімшілік-аумақтық, әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық, географиялық және т.с.с. ерекшеліктер ескерілуі тиіс.

Регламенттерде жіберілген қателердің кейбірінің құқықтық сипатта екені көрсетілді. Оны да кезегі келгенде түзеткен абзал. Түзету жұмыстары мемлекеттік көзқарасты талап етеді, өйткені жергілікті мәселелердің де мемлекеттік және конституциялық құрылыста алатын орны өте үлкен. Сонымен қатар жергілікті органдар тарапынан түзету жұмысына деген бастамашылық байқалмайды. Ал грамматикалық, бірінші кезекте, қазақ тіліндегі қателерді түзету кезек күттірмейтін іс. Ол үлкен жұмыстарды қажет етпейді.

Алдағы уақытта мақалада көрсетілгендей қателерді жібермес үшін жобалау және әзірлеу жұмыстарына тыңғылықты назар аудару қажет.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы: Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы // «Әділет» АҚЖ. (01.08.2014).

2 Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығы // «Әділет» АҚЖ. (01.08.2014).

3 Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығы // «Әділет» АҚЖ. (01.08.2014).

4 Астана қаласы мәслихатының регламенті: Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 219/31-V шешімімен бекітілген // «Әділет» АҚЖ (01.08.2014).

5 Алматы қаласы мәслихатының регламенті: Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 222 шешімімен бекітілген // «Әділет» АҚЖ. (01.08.2014).

6 Успен ауданы мәслихатының регламенті: Успен аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 180/36 шешімімен бекітілген // «Әділет» АҚЖ. (01.08.2014).

7 Курчатov қалалық мәслихатының регламенті: Курчатov қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 наурыздағы № 21/152-V шешімімен бекітілген // «Әділет» АҚЖ. (01.08.2014).

8 Кентау қалалық мәслихатының регламенті: Кентау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 ақпандағы № 150 шешімімен бекітілген // «Әділет» АҚЖ. (01.08.2014).

9 Регламент Кентауского городского маслихата: Утвержден решением Кентауского городского маслихата от 25 февраля 2014 года № 150 // ИПС «Әділет». (01.08.2014).